

Экологиялық аудитті лицензиялаудың және жүргізудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 889 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 5 маусымдағы N 457 Қаулысымен. (2007 жылғы 9 тамыздағы бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 5 маусымдағы N 457 Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі және " Қоршаған ортаны қорғау туралы " 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары ;
- 2) Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялау ережесі;
- 3) Экологиялық аудитті жүргізу ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

23

тамыздағы

N

889

қаулысымен

бекітілген

Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптары

1. Жеке тұлғаларға арналған біліктілік талаптарына мыналар кіреді:

- 1) жоғарғы кәсіптік немесе орта кәсіптік білім;
- 2) қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде 3 жыл, оның ішінде табиғатты

қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптама саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (тиісті лицензияны қоса бере отырып);

3) экологиялық аудитор біліктілік куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмелері;

4) тиісті материалдық-техникалық база:
экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған компьютерлік және электронды техника;

тіркелген сынау зертханасы бар ұйыммен шарт;
экологиялық аудитті жүргізу үшін қажетті анықтамалық және әдістемелік әдебиет, нормативтік құқықтық кесімдер мен нормативтік-техникалық құжаттар;

5) аттестациядан өткенін растайтын құжат;

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Заңды тұлғаларға арналған біліктілік талаптарына мыналар кіреді:

1) ұйым басшысында жоғарғы кәсіптік білімінің болуы;

2) қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде 3 жыл, оның ішінде табиғатты қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптама саласында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің (тиісті лицензияны қоса бере отырып), экологиялық аудиторлардың біліктілік куәліктерінің және осы заңды тұлғаның штатында тұрақты негізде жұмыс істейтін екі маманның болуы;

3) тиісті материалдық-техникалық база:
экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған компьютерлік және электронды техника;
экологиялық аудитті жүргізу үшін қажетті анықтамалық және әдістемелік әдебиет, нормативтік құқықтық кесімдер мен нормативтік-техникалық құжаттар;
тіркелген сынау зертханалары немесе тиісті зертханалары бар ұйымдармен ш а р т .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 3

т а м ы з д а ғ ы

№

8 8 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Экологиялық аудиторлық қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) заңды және жеке тұлғаларға экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Лицензиялар Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына олар белгіленген талаптарды сақтаған жағдайда беріледі.

3. Экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган береді.

2. Лицензияны алу тәртібі

4. Экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияны біліктілік деңгейі осы қызмет түріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін субъектіге қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган береді.

5. Лицензия қатаң есептілік құжаты болып табылады әрі мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада ресімделеді.

6. Лицензияны алу үшін өтінім иесі лицензиарға "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтінішті ұсынады.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

- 1) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;
 - 2) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі және жеке кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғаның жеке басы куәлігінің көшірмесі;
 - 3) салық төлеуші куәлігінің көшірмесі (СТН);
 - 4) бюджетке лицензиялық алымды төлегендігін растайтын құжат;
 - 5) өтініш иесінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
 - 6) осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмесі нотариалды расталған
- б о л у т и і с .

7. Лицензиялар, егер заңнамалық кесімдерде өзгеше мерзім белгіленбеген болса, барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап - бір ай мерзімнен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін - он күндік мерзімнен кешіктірмей беріледі.

8. Лицензияға лицензиардың басшысы не осыған уәкілеттік берілген адам қол қояды және ол лицензиардың мөрімен расталады.

9. Лицензия өтініш иесіне немесе оның уәкілеттік берілген өкіліне сенім хат негізінде беріледі.

10. Лицензияны беруден бас тарту, лицензияны кері қайтарып алу, оның қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Лицензияланатын қызметті бақылау

11. Лицензияларды есепке алуды, сондай-ақ осы Ереженің сақталуын бақылауды лицензиар жүзеге асырады.

12. Біліктілік талаптарының сақталуын тексеру лицензияны қолдану мерзімі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі. K010155 Z952200

Тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтардың болмағаны туралы не нақты бұзушылықтар мен оларды жою мерзімін көрсете отырып тексеру актісі ж а с а л а д ы .

Бұзушылықтарды көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда, тексеру актісінің негізінде лицензиар заңнамада белгіленген тәртіппен лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе кері қайтарып алу туралы шешім қабылдайды.

Лицензиат лицензиарға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерін жою туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 3 т а м ы з д а ғ ы

№ 8 8 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Экологиялық аудитті жүргізу ережесі

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және заңнамада белгіленген тәртіппен экологиялық аудиторлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың экологиялық аудит жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Міндетті экологиялық аудит және бастамашылық экологиялық аудит экологиялық аудит түрлері болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі).

2-2. Бастамашылық экологиялық аудит аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша бастамашы мен экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым арасындағы экологиялық аудит жүргізуге арналған шартта көзделген экологиялық аудиттің нақты міндеттері, мерзімі мен көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

Ескерту. 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Экологиялық аудитті жүргізу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Экологиялық аудит мынадай бірнеше кезеңде жүргізіледі:

- 1) экологиялық аудиттің мақсаттарын белгілеу;
- 2) тексерілетін адамның құжаттамасын алдын ала талдау;
- 3) экологиялық аудитті жүргізуге шарт жасасу;
- 3-1) аудит жүргізу жоспарын жасау;
- 4) экологиялық аудитті жүргізу;
- 5) аудиторлық есепті жасау.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Экологиялық аудитті жүргізу туралы шартты жасасу алдында аудиттелетін субъект оны алдын ала талдау жүргізу үшін дайындалып жатқан субъект бойынша құжаттаманы ұсынады, соның ішінде:

1) шаруашылық жүргізуші субъектінің менеджмент жүйесі жөніндегі құжаттама;

2) экологиялық аудит жөніндегі алдыңғы қорытындылар;

3) аудиторға экологиялық аудитті жүргізу мүмкіндігін анықтау үшін қажетті техникалық құжаттама.

Ұсынылған құжаттаманы алдын ала талдау экологиялық аудитті жүргізудің мүмкін еместігі туралы куәландыратын жағдайда, аудитор бұл туралы экологиялық аудит тапсырысшысын хабардар етеді және аудиттелетін адам бар кедергілерді жойғанға дейін аудитті жүргізуден бас тарта алады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Экологиялық аудит экологиялық аудитор жасайтын және тапсырысшымен

және аудиттелетін субъектімен келісілетін экологиялық аудит жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6 . < * >

Ескерту. 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Экологиялық аудит нәтижелері бойынша аудитор экологиялық аудиторлық есеп жасайды.

Жеке кәсіпкер болып табылатын аудитор жасаған экологиялық аудиторлық есепке өзі қол қояды және оны жеке мөрімен куәландырады.

Аудиторлық ұйымның экологиялық аудиторлық есебіне орындаушы аудитор қол қояды, оның жеке мөрімен расталады, аудиторлық ұйым басшысы бекітеді және оның мөрімен куәландырылады.

Экологиялық аудиторлық есепте, сондай-ақ, аудиторлық ұйым лицензиясының нөмірі мен берілген күні көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-1. Экологиялық аудиторлық есеп болып ресімделетін міндетті экологиялық аудит нәтижелері бір ай мерзімнен кешіктірілмей қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етіледі.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.31. N 1086 (қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қорытынды ережелер

8. Экологиялық аудитті жүргізу нәтижесінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.